



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

№39 (1863)  
26 қараша  
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.KAZNU.KZ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков оқытушы-профессорлар мен білім алушы жастар алдында көшбасшылық дәріс оқыды (3-бетте).

## Дулат Исабеков – Құрметті профессор



Оқу орнында игі дәстүрге айналған көшбасшылық дәрісті ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, алдымен университет ұжымы мен білім алушы жастардың атынан қайраткер тұлғаны мерейлі 80 жасқа толуымен құттықтады. Мерейтой қарсаңында «Қазақстанның Еңбек Ері» жоғары мемлекеттік атағын алғанын атап өтіп, жазушының қаламгерлік еңбек жолын жастарға үлгі етті. Сонымен қатар ректор оқу орнының даңқты түлегіне «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстады.

Көрнекті тұлға өз кезегінде жиылған қауымға ризашылығын білдіріп, өзі білім алған университет қабырғасындағы кездесудің жөні бөлек екенін жеткізді. Студенттік күндерді еске ала отырып, шығармашылық жолындағы мол тәжірибесімен бөлісті.

## Отандық ғылым қоғам дамуына үлес қосуы тиіс



Алматыдағы «Ғылым ордасында» Мемлекет басшысының ғылымды дамыту саласындағы тапсырмаларын талқылауға арналған ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңесі өтті.

Оған Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, жоғары оқу орындарының басшылары, академиктер мен ғалымдар, сондай-ақ ғылыми қоғам өкілдері қатысты.

Жиынды Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин ашты. «Біздің

басты мақсатымыз – отандық ғылымның қазақстандықтардың өмір сапасына елеулі үлес қосуына қол жеткізу. Осыған тиісті қаржы бөлініп, ғылым саласындағы барлық бағдарламалық құжаттар бағыттталып отыр. Соңғы екі жылда қаржыландыру екі есеге жуық өсіп, 2022 жылы 80,1 млрд теңгені құрады», – деді вице-премьер.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек басқосуда Мемлекет басшысының тапсырмасын іске

асыру барысын баяндады. «Ғылым мен инновацияны дамыту – дамудың жаңа экономикалық бағытының негізгі басымдықтарының бірі. Мемлекет басшысы «біз үшін әртараптандырылған және технологияға негізделген экономиканы құру жай қажеттілік қана емес, бұдан басқа жол жоқ» екенін айтқан болатын», – деді министр.

Қазіргі таңда «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру қарқынды жүріп жатыр.

Света  
ӨМІРФАЛИЕВА

### Философия ғылымын жаңа бағытта зерттеуші

4-бет

### Интеллектуалды дамуға ықпал еткен бағдарлама

5-бет

### Архивы: новые возможности и горизонты

7-бет

## ТүркПА серіктестіктің жаңа бағыттарын құптайды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы (ТүркПА) өкілдерімен кездесті.



Делегация құрамында Түркияның Бас ұлттық ассамблеясының депутаты Режеп Шекер мен Юксель Озкан, Халықаралық қатынастар және хаттама департаментінің қызметкері Нури Айваз, комиссия хатшысы Енес Юлдири және байланыс офицері Тахмина Бакиева бар.

Құрметті қонақтарды ыстық ықыласпен қарсы

алған Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

«Қазіргі уақытта түркітілдес мемлекеттердің мемлекетаралық ынтымақтастығы артып келеді. Біз бүгінге дейін Түркиядағы 20-дан астам жоғары оқу орнымен 31 ынтымақтастық келісім жасадық. Екіжақты келісімдер аясында соңғы екі

жылдан бері ҚазҰУ-дың 200-ге жуық студенті мен 88 оқытушысы Түркиядағы университеттердің түрлі іс-шараларында болып, бірлескен ғылыми зерттеулерге қатысуда», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Түркияның Бас ұлттық ассамблеясының депутаты Режеп Шекер түркі елдерінің ынтымақтастығын нығайтудың стратегиялық маңыздылығын

атап өтті. «Қазақстан біз үшін аса маңызды орын алады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап елдер арасында берік достық қатынастар дамып келеді. Осыған байланысты біз серіктестіктің жаңа бағыттарына әрдайым ашықпыз», – деп атап өтті мейман.

Нұрсұлтан  
ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық зияткерлік даму институтының директоры, профессор Джо Гю Юн «Жағымды ойлар – бақытты өмірдің салты» атты көшбасшылық дәріс оқыды.

## Профессор Джо Гю Юн дәрісі мазмұнды болды



Мазмұнды дәрісте профессор Джо Гю Юн Оңтүстік Кореяның қысқа мерзімде кедейлік пен соғыстан қираған елден Шығыс Азия аймағының көшбасшы мемлекеттерінің біріне айналғанын тілге тиек етті. Бұл жетістікке осы елде қалыптасқан жағымды ойлау өмір салты айрықша ықпал еткенін атап өтті.

«Оңтүстік Корея елінің қарқынды дамуының өзегінде нақты көшбасшылық, қиындықтарға төтеп беру қабілеті, екінші – индустрияландыру, экспорттың өсуі және ең бастысы, халықтың санасы мен рухының жаңғыруы жатыр», – деп атап өтті спикер.

# Қосдипломды білім берудің маңыздылығы талқыланды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде студенттерге білім беру бағдарламалары мен әлеуметтік көмектің жүзеге асырылу барысы талқыланды.



Ғылыми кеңес отырысын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің қатысуымен ҚР ҰҒА жанындағы «Ғылым ордасында» өткен отырыстың маңыздылығына тоқталды.

«Министрдің баяндамасында Мемлекет басшысының отандық ғылымның алдына қойған міндеттер туралы толық ақпарат берілген. Министрлік сайтынан, ақпарат құралдарынан алып, танысуларыңызға болады», – дей келе, ректор зерттеу университеті мәртебесіндегі ҚазҰУ осы стратегиялық маңызды мақсаттарды іске асыруға өзінің елеулі үлесін қосуы тиіс екенін айтты.

Жиында бірлескен білім беру және қосдипломдық бағдарламаны іске асырудың өзекті мәселелері туралы ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Фатима Жақыпова баяндама жасады. Білім беру бағ-

дарламаларын іске асыру – «Бірлескен білім беру бағдарламалары мен қосдипломды білім беру бағдарламаларын (ҚДББ) іске асыру жөніндегі басшылықты» (2017 ж.) және «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ Білім беру бағдарламаларын жаңғырту тұжырымдамасы» (2021 ж.), сондай-ақ нормативтік құжаттар негізінде қарастырылған.

Спикерлер факультеттер бойынша статистика ұсынды. Бұл рейтингте 62 білім беру бағдарламасын (ББ) жүзеге асырып отырған философия және саясаттану факультеті алдыңғы орында. Екінші орында – физика-техникалық (60), үшінші орында – география және табиғатты пайдалану факультеттері (55) көш бастап тұр. Жалпы, ҚазҰУ-да қазіргі уақытта 513 ББ бойынша студенттер білім алуда, ал қосдипломды ББ бойынша 68 және бес бірлес-

кен білім беру бағдарламасы (БББ) жүзеге асырылуда.

Бұл жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында Ғылыми кеңесте келесідей шешімдер оқу орындарымен қосдипломды білім беру және бірлескен білім беру бағдарламалары (БББ) бойынша оқу жоспарларын жаңарту бойынша уағдаласу, 2023-2024 жж. талапкерлерді қабылдау үшін ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігі мен Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру тізіліміне жаңа ББ енгізуді қамтамасыз ету сияқты бірқатар тапсырмалар берілді.

Ғылыми кеңес барысында сондай-ақ университет ғалымдарының монографиясын жариялау және ғылыми атақтар беру туралы ұсыныстар талқыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

# Бұл кездесу нәтижелі ынтымақтастыққа жол ашады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Анкара университетінің ректоры Неждет Үнүвар мен Фази университетінің ректоры Мұса Йылдыз бастаған түрік делегациясы жұмыс сапарымен келіп, білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаевпен кездесті.



«ҚазҰУ көптеген түрік университеттерімен тығыз қарым-қатынаста. Бауырлас екі ел арасындағы тарихи, мәдени және рухани байланыстардың ортақтығы білім және ғылым саласындағы қатынастардың қарқынды дамуының қозғаушы күші екені даусыз», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сонан соң оқу орны Түркияның Анкара, Фази, Эрзинжан, Билкент, Башкент, Ыстамбұл, Эджитепе және тағы басқа ЖОО-ларымен 45 келісімшартқа қол қойғанын жеткізді. Әріптестік аясында бүгінде түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-

инновациялық жобалар табысты жүзеге асырылуда. Соңғы екі жылда Түркиядан 20-дан астам сарапшы дәріс оқуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге шақырылды.

Өз кезегінде Анкара университетінің ректоры Неждет Үнүвар жылы қабылдағаны үшін білім ордасының басшысына ризашылығын білдірді.

«Атажұртқа келгеніме қуаныштымын. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстанның жетекші университеті. Бүгінгі кездесу біздің университеттер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа нәтижелі кезеңіне жол ашады деп сенемін», – деді Неждет Үнүвар.

Сондай-ақ кездесуде Фази университетінің ректоры Мұса Йылдыз сөз сөйлеп, өз пікірімен бөлісті.

«Расымен де, ғылым саласы қазіргі таңда өте өзекті. Фази университеті бұл ұсынысты қуана қабылдайды. Сонымен қатар қос диплом беру, академиялық ұтқырлық, тәжірибе және технологиялар алмасу бойынша жұмыстар алдағы уақытта жалғаса бермек», – деді Фази университетінің ректоры Мұса Йылдыз.

Құрметті меймандардың ұсынысын тыңдаған Жансейіт Түймебаев аталған бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы АҚШ-тағы Миссисипи университеті ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге кірісті.

# ҚазҰУ жаңалығы АҚШ зертханаларында сарапталады

Жақында зерттеу орталығының базасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен өсімдік шикізаты негізінде инновациялық өнім әзірлейтін шағын өндіріс ашылған болатын.

Мұнда сұраныстағы өнімдердің бірі – тұмау және COVID-19 ауруларына қарсы биологиялық белсенді қоспа. 2020 жылы дайындалған табиғи тұнбаның құрамына өкпені қуаттайтын, қақырық түсіретін, қанды сұйылтатын, қандағы майларды жоғалтып, қан айналымын жақсартатын, күш-қуат беріп, ұйқыны реттейтін қасиеті бар өсімдіктер қосылған.

Орталық директоры Жанар Жеңіс аталған қоспаның ковидке белсенділігін терең зерттеу мақсатында жуырда Миссисипи университетіне арнайы барды. Осы сапар нәтижесінде енді ҚазҰУ базасында да-



йындалған биологиялық өнім АҚШ университетінің заманауи зертханаларында жан-жақты сараланып, өзге сырқаттарға емдік әсері анықталатын болды.

«Мақсатымыз – дайындалған қоспа құрамындағы негізгі биологиялық белсенді қосылыстарды бөліп алу, құрылымдарын жетілдіру және фармакологиялық белсенділігін зерттеу. Қазіргі таңда тұмау және COVID-19 ауруларына қарсы қоспаның ковидке белсенділігін терең зерттеу жұмыстарын Миссисипи университетінің ғалымдарымен бірге шәкір-

тім, біздің ғылыми қызметкеріміз Жанна Ақжігітова бірлесіп атқаруда», – дейді жоба авторы, профессор Жанар Жеңіс.

Орталық ғалымдары емдік өсімдіктердің қасиеттерін зерттеу жұмыстарымен 20 жылдан бері айналысып келеді. Бұған дейін тұмау мен бауыр ауруларынан сақтайтын және иммунитетті көтеретін қоспалар және қандағы қант деңгейін төмендететін, қан қысымын реттейтін, асқазан-ішек жүйесінің жұмысын жақсартатын және иммунитетті көтеретін фито-шайлар өндірілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚМДБ Алматы қалалық орталық мешіті ұйымдастырған «Береке бастауы – бірлікте» атты ғылыми-танымдық конференцияға қатысты.

# Бізге елдіктің жолындағы бірлік керек

Шараның ашылуында сөйлеген сөзінде университет басшысы тыныштық пен бейбіт өмірдің құндылығына тоқталды. «Ғылым мен білімнің, діннің басты мақсаты – адамзатқа қызмет ету, бірлік пен тыныштықта болу. Қай істе, қай салада болсын әуелі бірлік керек. Соның ішінде елдіктің жолындағы бірлік біздің басты ұстанымымыз болуы тиіс», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сонымен қатар діни экстремизм мен терро-



ризмге қарсы күресте ауызбіршілік маңызды екенін айта келе, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының

елді біріктірудегі орнын ерекше атап өтті.

Сондай-ақ алқалы жиында Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы баяндама жасап, зиялы қауым өкілдері, ҚМДБ Ғұламалар кеңесі мүшелері және дін қызметкерлері сөз сөйледі. Олар кез келген қайшылықты бірге жеңудің өзектілігіне назар аударып, барша халықты діни татулық пен тұрақтылыққа үндеді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Негізі, көпшілікпен жиі кездесіп жүрген адаммын ғой, бірақ мен үшін бұл кездесудің жөні бөлек. ҚазҰУ-ға 1961 жылы оқуға түсіп, 1966 жылы бітіріп шықтым. Ол кезде оқу ордасы қазіргі Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының орнында болатын. Осы академияда 2008 жылдан бері шәкірт тәрбиелеп келемін. Драматургтер мен кинодраматургтерді, яғни телесериалдардың болашақ авторларын даярлап жатырмын. Өнер академиясы жұмысқа шақырғанда: «Мен ҚазҰУ-дың филология факультетін бітіргенмін, бірақ педагог болып жұмыс істемеген адаммын. Менің айтқандарым педагогикалық жүйеге сәйкес келе ме,

ріп кеттім. Шоқанмен ерекше дос бола жүріп, жақсылығын көре жүріп, Шоқанға «Сіз мені жақсы көрем дейсіз, ал мен сізге ғашықпен» дейтіні қайда?.. Петербургте талай қызықты күндерді бірге өткізген, бірге жүрген Шоқан неге түсіндіріп айта алмады екен деген ой болды. Оның «Белые ночи» деген романы бар, соны студент кезімде өзім үшін аударып қойдым. «Жұлдыз» журналында жұмыс істеп жүргенімде оның 150 жылдық мерейіне келіп қалды. Сол кезде бас редактор Тахауи Ахтанов «ойбай, енді не істейміз, бір әңгімесін аударамыз ба, қайтеміз» деп шырылдап қалғанда, мен Тахауи екінші курста өзім үшін аударған

Бесінші курста алғашқы кітабым жарыққа шықты. Содан бері қанша жыл... жазусыз өткен күн болмапты. Еврей жазушысы Олешаның «Ни дня без строчки» деген сөзі бар, тым құрығанда блокнотыңа көргеніңді, білгеніңді жазып қоясың. Ал қалай жазу керегін ешкімге үйрете алмайсың. Ол – табиғаттың берген ерекше қасиеті, одан кейінгісі – оқу. Біз ауылдан келгенде хрестоматиямен тәрбиеленіп келдік. Біздің білетініміз, деңгейіміз хрестоматиялық шығарма болды. Батыс әдебиеті дегенді осында келіп естідік, мол қазына сонда жатыр екен, сіміре оқи бастадық. Әсіресе неміс жазушыларын, француз, ағылшын, Американың жас



**Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері:**

# Ең күшті қару – сөз

келмей ме? Творчество деген сол – кейде қатып қалған канондарға қарсы да пікір айтуың керек», – деген мәселені көлденең тарттым.

Станиславскийдің «Театр – киім-ілгіштен басталады» деген атақты сөзін білесіздер. Ол заман өзгерді, мен оған «Театр – драматургтің жазу үстелінен басталады» деп басқаша анықтама бердім. Расында да, солай. Осы ұстаздық еткен жылдарда «Театр және кино әлемі» деген 300 беттік оқулық жазып бітірдім. Ұлт тілінде түпнұсқада оқулық тым сирек, бәрі шетінен аударма. Осы күнге дейін біз аудармамен студенттерді қалай оқытып, тәрбиелеп келгенбіз? Үш жүз жылдық орыс театрының тарихы бар, Немирович-Данченконың, Станиславскийдің жазған оқулықтары бар, дегенмен олардың дәуірі өтіп барады. Қазақ театры қалай дамуда, қазақ киносы қалай жетілуде, қазақ театры қай жерде, әлемде қай нүктеде тұр деген мәселені жан-жақты сараптап оқулық жаздым. Оның барлық теориясын өзім жасадым. Сарапшылардың айтуынша, сенсациялық кітап болғалы тұрған сияқты. Бұйырса, бір-екі күнде шығып қалады. Қолдарыңызға тисе оқыңыздар.

ҚазҰУ-ды, өзімнің білім алған ошағымды әлі сағынамын. Мен Жүргенов академиясында сабақ берген дедім ғой, баяғыда өзіміз жүрген жер, аудиториялар ыстық. Әр аудиторияда сабақ өткенбіз. Соның бәрі есіме түседі. Өкініштісі сол – Мұхтар Әуезовтен сабақ ала алмай қалдым. Қалғандарының, ұлы ұстаздардың алдын көрдік, білім алып шықтық. Біз қандай бақытты ұрпақ едік. Өзім шын жазуды үшінші курста бастадым. Оның алдында талай әңгіме жаздым, қазір солар үйде жатыр, оқып шығуға ұяламын. Тоғызыншы сыныпта жүргенде орыстың Гончаров деген жазушысының кітаптарын оқыдым. Ол кісі Тургенев, Чехов, Толстойлармен деңгейлес жазушы, бірақ аты көп атала бермейді. Атақты «Обыкновенная история», «Обрыв» деген шығармалары бар. Сол кітаптарды оқып, қатты әсерлендім. Нәтижесінде біраз әңгіме туды. Қарап отырсам, көбі еліктеудің деңгейінде қалыпты. Алайда сол әңгімелерім үйрену мектебі болды.

Сол секілді Достоевскийді өзім ерекше жақсы көрдім. Өмірімде оған үш рет келіп, үш рет кеттім. Алғаш оқығанда ғашық болдым, одан кейін он шақты жыл ұнатпадым, кейін қайтадан жақсы көрдім. Тіпті бір рет жек көріп кеткен кезім де кездесті. «За Иртышом живут дикие туземцы» деген бір ғана сөйлемі үшін жек кө-

шығармасы бар екенін айтып едім, «соны алып келші» деп жата кеп жабысты. Мен сол шығарманы бастан-аяқ жатқа білемін. Жауапты хатшы З.Серікқалиев оқып шықты да, «рухы, эстетикасы, поэтикасы жақсы ашылған» деп қатты мақтады. Менің шығармашылық жолым осылай басталған.

Әр шығарманың жазылу тарихы бар. Осы уақытқа дейін 28 пьеса жазыппын, санмен өлшемейтін адаммын, алайда айта кетудің жөні келіп тұр, оның алтауы шетелдің он театрында қойылып жатыр. Екеуі Лондонда, үшеуі Петербургте, біреуі София, Түркия, Грузияда, тіпті сонау Мельбурнда қойылып жатыр. Келер жылы қатары көбейетін түрі бар. Бұл дегеніңіз – әрине, жақсы, екінші жағынан, қиын, жүйкең тозады. «Қарғынды» Англияда ағылшын тіліне аударыпты. Мен аудармашыға қазақ-орыс тілдерінде жібергенмін. Ағылшын тілінде көптеген жерлері түсіп қалыпты, аудармасы калька. Сөздің поэтикасы, эстетикасы, оның табиғатының, яғни тілдің әдемілігі бар, соның бәрі аудармада ескерілуі керек қой. «Қарғынды» қазақша, орысша оқыған жігіттер бар. Сонда салыстырмалы түрде алғанда, қазақ тіліндегісі тартымды екен, орысшаға онша келіңкіремейді деген пікір айтылған. Енді осыдан кейін «Қарғын» ағылшын тілінде шығатын болса, оны ешкім оқымайтын болар деген ой мазалайды.

жазушыларын бас алмай оқыдық. Нобель сыйлығына ие болған шығармаларды, драматургтерді індетте оқыдық. Несін айтасыздар, оқумен өткен күн болды. Әлем әдебиетімен танысқаннан кейін «біздің жазғанымыз әлі «наивный» екен, мыналар тақырыпты қалай таңдайды, образды қалай жасайды, қалай қысқа айтады, жалпақ сөз емес» деп таңғалдық. Бізде әлі күнге дейін көпсөзділік басым. Б.Брехт деген ұлы реформатор болған. Сол жазушы шындықты жазу үшін бес қағида қажет дегенді атайды. Нені жазасың, кім үшін жазасың, не үшін жазасың, қалай жазасың және бесіншісі цензураға байланысты. Біздің жазушыларымыз көп жағдайды білмейтін сияқты, зерттеп оқымаған сияқты. Драматургтер де сондай. Сахнада жүріп жатқан шығармасы драматургияның энциклопедиялық мағынасына жауап бере алмайды. Демек, ол драматургия емес, сахналық проза немесе сахналық поэзия. Ал драматургияның өз заңы бар, бір сөз бәрін бүлдіреді, бір сөз бәрін тындырады.

Менің шетелге көп шығатынымды білесіздер, Лондонда екі пьесам жүріп жатыр, үшіншісі дайындық үстінде. Батыс Еуропа қазақ жазушыларынан не күтеді? Мәселеге осылай қарау керек. Жазушының еңбегін басқалар оқып, сахнада қойып, кітап етіп шығармаса, оның не керегі бар? Абайды неге жапатармағай аударып жатырмыз? Әлем Абайды Абай

күйінде тани ала ма? Меніңше, тани алмайтын сияқты. Себебі Абайды аудару өте қиын. Абайды түсіну үшін, Абайды аудару үшін Англияда немесе Германияда Абай сияқты бір адам туу керек. Қазақтың тілін Абайдай түсінетін адам керек. Осындай қиындықтар бар. Қазақстанды бәрі бірдей біледі деу қиын. Кешегі Австралия бізге әлі күнге дейін абориген, жабайы деп қарайтын тәрізді. Мен кезінде олардың бір-екі өкілін «Сіздер не деп отырсыздар? Кенгуру мен аборигендер сіздерде бар, қолда Еуропа без штанов ходил, у нас Великая империя Туран был, самое цивилизованное государство» деп қуып шыққанымызды білесіздер. Бізде Конституциясы бар мемлекет болған. Кейде осылай қатты айтуға тура келеді. Енді солар «Борте – императрица мира» деген атпен менің пьесамды қайта қойып жатыр. Елшілікке де барыпты, көрсетіпті.

Осыдан біраз бұрын Лордтар палатасында таңдамалы пьесалар жинағымның тұсаукесері өтті. Бұл өзі бірінші рет болып отырған жағдай. Жалпы, жазушының Лордтар палатасында шығармасының тұсаукесері алғаш рет өткізіліп отыр. Қай Құдай игенін білмеймін. Бұған дейін Шығыс Айтматов пен Орхан Памук болды деп жүруші едім, сөйтсем, оларды әншейін шай ішу екен. Менікі нағыз тұсаукесер болды. Онда үлкен баннер, менің портретім ілулі тұрды, мінбер түбінде «Дулат Иса-

бековтің туғанына – 75 жыл» деп жазылған. Екі лорд сөйледі, оның бірі – баронесса Алисосати, Ұлыбритания парламентінің депутаты, мәдениет бөлімінің басшысы баяндама жасады. Бесінші болып маған сөз тиді. Мен өз сөзімнің тоқтатқанын айтайын: «Құрметті еуропалықтар, әсіресе Еуропа құрлығының шетінде жатқан ағылшындықтар! Сіздердің мәдениеттеріңіздің түп-тамыры шығыста жатыр. Сіздер мұны ұмыттыңыздар. Шығысқа арқаларыңды беріп отырсыздар, мойын бұрыңыздар. Сонда жақсылықтың бәрін көресіздер», – дедім. Мәдениеттің бастауы шығыстан алынған, тектерінің түбі де шығыстан шыққан. Сондықтан Англияда немесе Францияда бір қауымдастық құрсақ деген ұсыныс жасадым. Баяғыда пен-клубтар бастаған идея, соны жалғастырсақ деген ой ғой менікі. Орталығы, әрине, Еуропада болғаны абзал, әлем жазушыларының қауымдастығын құрсақ деген идея тастадым.

Әлем енді еш уақытта тыныш болмайды. Өрт шығу, су басу, жер қозғалу деген енді тоқтамайды. Адамзаттың қасіреті тоқтамайды. Мына жақта соғыс жүріп жатыр. Дүниежүзі қарулануда. Ең күшті қару – сөз. Тіпті Библияның өзінде солай демеп пе еді? Бәрі сөзбен басталып, сөзбен аяқталады – бейбітшілік те, соғыс та. Ең нашар жазушының артында мың оқырманы бар. Ал әлемге танымал қаламгердің артында миллиондаған оқырман тұр. «Әлем жазушылары бірігетін болсақ, ең күшті қару – сөз» деп айтып кеткенмін. Ол үшін, әрине, айту керек, жүру керек, қаржы керек. Негізі, олар менің ойымды қатты қолдады. Қазір енді не болып жатқанын білмеймін.

«Бөртеңің» премьерасы Мельбурнда қойылады. Өкінішке қарай, оған бара алмаймын, 26 сағат ұшуды денсаулығым көтермейді. Лондонға келгенде барып көрермін дедім. Одан кейін сол театр Америкаға гастрольмен барады екен. «Үндеместі», «Көр қазушыны», «Тіршілікті», «Өпкелі», тіпті кешегі «Бөртеңі» қалай жаздым?.. Драматургияда «қозғаушы күш» деген бір үлкен термин бар. «Ромео мен Джульеттаны» жазуға қандай қозғаушы күш түрткі болды? «Отеллоны» жазуға қандай күш ықпал етті? Чеховтың «Вишневый садын» жазуға қандай қозғаушы күш әсер етті? Сол сияқты менің шығармаларым да өмірге тектен-тек келген жоқ. Әрқайсысын жазуға түрткі болған тарихы, қозғаушы күші бар.

## Пың ДӘНЛИҢ, шығыстану факультетінің студенті:

– Мен қазақ тілін үйреніп жүрген қытай қызымын. Қазақ тілін үйрену үшін қандай шығармаларды оқуға кеңес бересіз?

## Дулат ИСАБЕКОВ:

– Ең алдымен ынта, талап керек. Ең бай тіл – қазақ тілі. Мен мұны қазақ болған соң айтып отырғаным жоқ. «Ақымақ» деген сөздің он сегіз түрі, «кереңнің» алты нұсқасы бар, ал «сәуле», «нұр» деген сөздердің алты-жеті нұсқасы кездеседі. Соның бәрін білген, ерінбей үйренген Герольд Бельгер деген ұлты неміс жазушысы болған. Қазақтың жазу тілін сынаумен өтті. Содан кейін қазақтілді орта керек.

Екі орыстың көшеде қазақша сөйлесіп бара жатқанын көресіздер ме? Сөйте отырып олар «орыс тілі қыспақта» дейді. Мен өткенде Д.Құдайбергенің концертіне келген австралиялық әйелмен ұшақта бірге отырып қалдым. «Мен мақұлықпын, ағылшын тілін білмеймін» дейді. Сол әйел Алматыға келерінде қазақша бес-алты сөз жаттап алыпты. Қызық болғанда, екеуміз қазақша сөйлестік. «Ұшақтағы тамақ дәмді екен ғой» дейді. «Алматы керемет қала екен, сіздер шетелге құмар боласыздар ғой, қандай ғажап шаһар» дейді. Демек, тіл үйренуге ынта, мәдениет керек.

## Хамза БЕРДЕН, журналистика факультетінің студенті:

– Бір әңгімеңізде «әдебиеттің алтын ғасыры өтіп кетті» дедіңіз. Сіздіңше, оның қайта оралуы мүмкін бе?

## Дулат ИСАБЕКОВ:

– Сіздер менен әдебиеттің алтын ғасыры туралы сұрап отырсыздар. Бүкіл әлем үшін XVIII ғасыр әдебиеттің алтын ғасыры болды. Енді ол қайтып оралмайтын сияқты. Одан кейін орыс әдебиетінің алтын ғасыры XIX ғасырда кетті. Енді ол да оралмайды. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр. Біз Шерхан Мұртаза, Асқар Сүлейменов, Мұқағали Мақатаев – бәріміз «Жұлдыз» журналында жұмыс істеген кезде басылым 260 мың тиражбен жарық көретін. Мұны Мәскеу түсінген жоқ. Ол заманда қазақтың саны 6-6,5 млн еді. Ал қазір ондай тираж жоқ. Әдебиет пен ұлт егіз болатын. «Әдебиет пен халық егіз еді» деген баяндама жасағанмын. Маған сол кезде бүкіл қазақ халқы үлкен оқу залында отырған сияқты болып елестейтін. Сол кезде біз өте көп оқыппыз, тіпті қойшылардың өзі «Жұлдызды» етігінің қонышына тығып алып, оқып жүретін.

# Философия ғылымын жаңа бағытта зерттеуші

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылымдар академиясының академигі, белгілі мәдениеттанушы ғалым, философия ғылымының докторы, профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлының 75 жылдығына арналған «Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**

Жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, АҚШ, Қырғызстан және Түркия ғалымдары, Тұрсын Ғабитовтің замандастары, шәкірттері, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ғалымның мерейтойына орай жолдаған хатында: «Философия ғылымының іргелі салаларындағы зерттеулеріңіз сізді халықаралық ғылыми ортаға танымал етті. Ғылыми еңбек жолыңыз, ағартушылық, қайраткерлік қызметіңіз ізбасар жас ғалымдарға үлгі-өнеге», – деп жылы лебізін білдірді.

Конференцияны ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев мерейтой иесін құттықтап, «Сіз еліміздегі философия ғылымын жаңа бағытта зерттеп, түркі әлеміне ортақ ғылыми еңбектер жаздыңыз. Іргелі зерттеулер жүргізіп, мазмұнды монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдарын құрастырып, өзіндік ғылыми мектеп

қалыптастырдыңыз. Сіз қазақстандық мәдениеттану мектебінің негізін қалаушы ретінде бұл салаға ерекше назар аударып, елімізде мәдени антропология ілімін өркендетуге жол аштыңыз», – деп атап өтті.

Шараны Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Хаджеттепе университеті, ТҮРКСОЙ және Түркия Республикасындағы ҚР бас елшілігі, Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстандық философиялық конгресс және «Болашақ» бағдарламасының «500 ғалым» жобасының стипендиаттары бірлесіп ұйымдастырды.

Конференция жұмысында түркілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі, қазақ философиясының, Қазақстандағы мәдениеттанудың өзекті мәселелері талқыланды.

Вашингтон аймақтық университетінің профессоры Чарльз Веллер, Хаджеттепе университетінің профессоры, Түркі халықтарының білім беру бөлімінің меңгерушісі Озкул Чобаноғлу, Хаджеттепе университетінің про-



фессоры, философия ғылымының докторы Сажиде Чобаноғлу сынды білікті ғалымдар мазмұнды баяндамалар жасады.

Пленарлық мәжілістен кейін «Түркі мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесі», «Ұлттық сана мен бірегейлікті негіздеудегі қазақ философиясының рөлі», «Қазақ мәдениеті мен Қазақстандағы мәдениеттанудың өзекті мәселелері», «Түркітанулық және қазақтанулық зерттеулер: мәдени-антропологиялық ракурстары» атты секциялар жұмысын жүргізді.

Атап көрсететін жайт, «Түркі

әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция аясында бірқатар маңызды ғылыми іс-шаралар өткен болатын. 27 қазан мен 9 қараша аралығында философия және саясаттану факультетінде профессор Ғабитов Тұрсын Хафизұлы шығармашылығының апталығы ұйымдастырылды.

17-18 қараша күндері Түркияның Анкара қаласында «Түркі әлеміндегі қазақ мәдениеті мен философиясы» атты халықаралық конференция аясындағы іс-шаралардың алғашқы бөлігі өтті.

ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшылығының кеңсесінде профессор Тұрсын Ғабитовтің «Қазақ этикасының теориясы мен тарихы» және «Қазақ мәдениетінің теориясы мен тарихы» атты еңбектерінің негізінде Хаджеттепе университетінің профессоры, доктор Озкул Чобаноғлу және профессор, доктор Сажиде Чобаноғлуның түрікоғыз мәдениеті бойынша толықтырылуымен «Қазақ және оғыз этикасы: фольклорлық метаэтикалық негіздеме» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітап толық түрік тіліне аударылып, толықтырылған күйде ғалымдар мен қоғам назарына ұсынылды.

Сонымен бірге 18 қарашада түркітілдес мемлекеттердің философиялық қоғамдары өкілдерінің Түркі дүниесінің философиялық қауымдастығын құру жөніндегі жұмыс тобының мәжілісі мен Түркі философиялық қоғамының ашылу конференциясы өтіп, Хаджеттепе университетінде профессор Тұрсын Ғабитов көшбасшылық дәріс оқыды. Аталған шараға дипломатиялық миссия өкілдері, түркі елдерінің белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдары қатысты. Конференция материалдары бойынша қатысушылардың мақалалар жинағы шығарылады.

Гүл БАЯНДИНА

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Elsevier» баспасының вице-президенті Марат Фатхуллинмен кездесті.**

## «Elsevier» баспасымен байланыс нығаяды



«Elsevier» баспасы – ғылыми қызмет саласында беделді, жоғары атаққа ие ғалымдар дайындаған электрондық басылымдар, энциклопедиялар, монографиялар және ғылыми журналдардан тұратын әлемдегі ең ірі ғылыми әдебиеттердің баспасы. Баспа үйінің негізі 1880 жылы Амстердамда (Нидерланды) қаланып, бүгінде Ұлыбритания, АҚШ, Бразилия, Түркия және Орталық Азия елдерінде филиалдары жұмыс істейді.

Құрметті мейманды ыстық ықыласпен қарсы алған білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндады. Сондай-ақ өз

сөзінде ректор жоғары білім мен ғылымның дамуына септігін тигізетін әріптестікті одан әрі ілгерілетуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде «Elsevier» баспасының вице-президенті Марат Фатхуллин жылы қабылдағаны үшін университет басшылығына ризашылығын жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар университет ғалымдарының ғылыми ізденіс нәтижелері мен ғылыми мақалаларын әлемнің белді басылымдарында жариялау мүмкіндіктерін арттыруға қатысты әріптестік байланысты жандандыруға уағдаласты.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

## «Dauletten» ҚазҰУ-мен бірге жастарды қолдауға дайын

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Dauletten» қайырымдылық қорының президенті Жасұлан Қуандықпен кездесті. Жүздесу барысында ҚазҰУ мен «Dauletten» қайырымдылық қоры арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.**

Меморандум аясында білім алушы жастарды оқу, білім, ғылым, өнер, мәдениет, ағартушылық, әлеуметтік салаларда екіжақты қолдау бойынша серіктестік жүйесін тиімді дамыту шаралары көзделген.

Алдағы уақытта «Dauletten» қайырымдылық қоры әлеуметтік осал топтан шыққан студенттерге арнайы стипендиялар, гранттар мен сыйақылар тағайындау арқылы қаржылық қолдау білдіріп, материалдық көмек көрсетпек. Сонымен қатар қайырымдылық шараларын өткізіп, жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесіне де қолдау білдірмек.

Кездесуде университет басшысы Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-дың жетістіктері мен алдағы жоспарлары туралы баяндап, бүгінгі келісім жаңа мүмкіндіктер мен ынтымақтастықты арттыруға серпін беретінін атап өтті.



Өз кезегінде «Dauletten» қайырымдылық қорының президенті Жасұлан Қуандық жылы қабылдағаны үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдіріп, қайырымдылық қорының атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы ақпарат берді.

«Dauletten» қайырымдылық қоры ҚазҰУ-дың түлегі, блогер, қоғам белсендісі, экономист Дәулет Төлеутайұлының бастамасымен құрылып, 2020 жылы 14 мамыр күні ресми түрде ҚР Әділет министрлігінде тіркелген. Қор жұмысының басты мақсаты – әлеуметтік санаттағы мұқтаж жандарға көмек пен білімді жастарға қолдау көрсету. Алдағы уақытта әлеуметтік осал топтан шыққан 200 студентке 100 мың теңгеден арнайы стипендия тағайындау жоспарда бар. Бұл ҚазҰУ студенттері үшін үлкен мүмкіндік болмақ», – деді қайырымдылық қор президенті.

Кездесу соңында Жасұлан Қуандық ҚазҰУ-дың үздік студенті, журналистика факультетінде оқитын Жантолы Тлеумбектің бір жылдық оқу ақысын төлеу үшін 1 миллион теңгенің сертификатын табыс етті.

Екіжақты меморандум аясында алдағы уақытта «Dauletten» қайырымдылық қорымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ақпарат және коммуникациялар департаменті бірлесіп жұмыс істейтін болады.

Айта кетейік, «Dauletten» қайырымдылық қорының көмегімен еліміз бойынша әлеуметтік жағдайы төмен 54 отбасы баспаналы болды. Соның нәтижесінде 372 адам өз шаңырағында қоныс тойын тойлады. Бүгінге дейін жалпы сомасы 600 миллион теңгеден астам қаражат жиналып, қайырымдылыққа жұмсалған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

# Интеллектуалды дамуға ықпал еткен бағдарлама

Әр заманның ұрпаққа қоятын өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Ұлттың тарихи санасының қалыптасу негіздерінің өзінде уақыт талабына бейімделу, мәдени ортаны қалыптастыруға деген ұмтылысы жатыр.



түлектерінің, ғалымдарының, педагогтердің, мәдениет қайраткерлерінің, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің жоғары кәсібилігі мен табыстылығының, патриотизмінің және бәсекеге қабілеттілігінің үлгісі ретінде жас ұрпақты тәрбиелеу. Осы жоба аясында «Қазақ университеті» баспа үйі 173 кітапты жарыққа шығарды.

Осыған орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақстандық жоғары білім беру флагманы ретінде жаңа буын университетінің «Университет 4.0» моделін жасады. Бұл модель ұлы ойшыл Әл-Фараби идеялары негізінде және инновациялық жүйе мен жаңаша көзқарас «өсу нүктесінің» негізіне айналған жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформасының симбиозын құрайтын Al-Farabi University Smart City тұжырымдамасы бойынша жүзеге асырылады. «Университет 4.0» жобасы төрт маңызды миссияны тиімді түрде жүзеге асыруға ықпал етті. Бұлар


тық ғылым академиясы бірлесіп, moocs.kz сайтында Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасын жүзеге асырғанын да атап өткеніміз жөн. Оқу процесінің жұмыс берушілердің қажеттіліктерімен байланысын нығайтуға да ерекше көңіл бөлінеді.

Кәсіпті жетілдіруді жалғастыратын және тамаша мансап құруды жоспарлаған әрбір адам үшін теориялық білім мен практикалық бизнесі басқару дағдыларын алуға үлкен мүмкіндік беретін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ база-сында MBA және DBA (Master and Doctor of Business Administration) бағдарламаларын сәтті жүзеге асыратын Әл-Фараби бизнес мектебі құрылды.

Қорытындылай келе айтарымыз, ҚазҰУ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосар үлесін арттыру, жоғары инвестициялық тартымдылығы бар және коммерцияландыруға дайын ғылыми жобалар мен бағдарламалар жасау, жақсарту міндеттерін шешу бағытында қар-

Жасыратыны жоқ, дамушы елдерде ауаның ластануына қарсы іс-шара аз жүргізіледі. Бұл мәселе тіпті қажетті деңгейде зерттеле бермейді. Мамандардың айтуына қарағанда, ауаның шектен тыс ластануы мезгілсіз өлім себептерінің бірі болып саналады. Бұған әсіресе дамушы елдер бейім келеді.


## Ауаның ластануы ауқымды мәселе



«Қазақстанда осынау ауқымды экологиялық түйткілді зерттейтін институт жоқ, ал ауаның сапасы бойынша мамандар санаулы ғана. Әдетте ҚазҰУ-дан басқа университеттерде ауа сапасына арналған курстар ұсынылмайды. Сондықтан мүмкіндік бола қалған жағдайда өз команданың біліктілігін арттыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын», – дейді PhD докторы Насиба Байматова.

Таяуда химия және химиялық технология факультетінің Е.Ерғожин атындағы мәжіліс залында PhD докторы Насиба Байматованың ұйымдастыруымен химия және химиялық технология факультетінің бакалавриат, магистратура және докторантура студенттеріне арналған метеорологиялық мәліметтер мен ауа сапасының деректерін талдау бойынша Air Quality тренингі өтті. Шараға Қазақстандағы Америка Құрама Штаттарының елшілігі қолдау көрсетті.

Тренинг АҚШ Мемлекеттік департаментінің ауа сапасы бойынша штаттан тыс маманы, доктор Ранил Дхаммапала білім алушыларға арнап, дәріс оқыды. Дәрісте доктор Дхаммапала атмосфера ластануының метеорологиясы: шекаралық қабаттың тәуліктік және маусымдық таралуы және ол ластануы заттардың концентрациясына қалай әсер етеді, метеорологиялық мәліметтерді алу, деректердің негізгі сапасын тексеруді қалай орындау керек, метеорологиялық мәліметтерді талдау, статистикалық бағдарламалау тілі, NOAA HYSPLIT модельдері, AERMOD View деген тақырыптарды қамтыды. Тренинг практика түрінде жүргізілді. Қатысушылар Америка метеорологиялық қоғамы, АҚШ Қоршаған ортаны қорғау агенттігі (EPA) және Норма-



тивтік модельді жетілдіру комитеті әзірлеген AERMOD View бағдарламасымен жұмыс істеп, нақты зерттеу жүргізді.

Lakes Environmental Software әзірлеушілері тренингтер барысында AERMOD View бағдарламасының толық нұсқасын ұсынды. Бұл пайдалану амалдарын түсінуді жеңілдетті.

Сондай-ақ доктор Ранил қайта жабдықталған «Биосфера экологиясы» зертханасында болып, бағдарламаның орындалу барысын талқылады.

«Мұндай тренингтер білім алушылардың қызығушылығымен шектеліп қалмайды, ғылымда белгілі нәтиже беретініне сенімдімін. Метеорологиялық көрсеткіштердің атмосфералық ауаның ластануына әсер ету мәселелері біздің елімізде аз зерттелген және біз объективті көрініске қол жеткізу үшін бар күш-жігерімізді салудамыз», – дейді Насиба Байматова.

Гүлзат СМАҒҰЛОВА

### ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛІК ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

«Жемқорлықтан тыс университет»

«Айналады нұрландыр!»

«100 кітап»

«Салауатты өмір мәдениеті»

«ҚазҰУ – GREEN CAMPUS»

Ар-намыс және академиялық адалдық кодексін сақтау

Қоғам пайдасы үшін қайырымды іспен айналысу

Әр студент 100 кітап оқуы керек

Салауатты өмір салтын ұстану және спортпен шұғылдану

Студенттерді табиғатты аялауға баулу

өзгертпей, елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы ауқымды өзгерістерге қол жеткізу мүмкін емес. Осылайша біздің мемлекеттің рухани жаңғыру бағдарламасында айтылған әлеуметтік бастамалар Қазақстан Республикасындағы білім мен ғылымның дамуына жаңа серпін береді. Адами әлеуетке инвестицияларды күшейтеді, елдің одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық және рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ҚазҰУ-да «Өнегелі өмір» кітаптар топтамасы жарық көрді. «Өнегелі өмір» жобасының мақсаты – тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосқан университет

– білім беру, зерттеулер жүргізу, инновацияларды өндіріске енгізу және жоғары білікті мамандарды елінің және әлемнің азаматы ретінде рухани адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу.

Рухани жаңғыру бағдарламасында белгіленген басшылықты ескере отырып, ұжым жоғары білікті мамандар даярлауға бар күшін салуда. Мамандарды даярлау сапасына көп көңіл бөлінеді: университеттің айтарлықтай материалдық-техникалық базасы бар, халықаралық қатынастар дамыған, қашықтан оқыту технологиялары кеңінен қолданылады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстанның жоғары мектебінің ұлт-

қынды жұмыс істеуде. Биыл оқу орнының 41 оқытушысы мен қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық білім беру стипендиясының иегері атанды. Бұл ел бойынша жалпы стипендиаттардың 7,2 пайызын құрайды. Қазақстанда жас ғалымдардың саны артты. 2018 жылы ғалымдар саны 8000-нан астам болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ғылым саласында 9200 жас қызметкер еңбек етеді.

**Серік ОСПАНОВ,**  
Экономика және бизнес жоғары мектебі, з.ғ.д., профессор

# Косов қалыптастырған ғылыми мектеп бар

Қазақ мемлекеттік университеті физика факультетінің тұңғыш деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, еңбектері ғылыми қоғамдастықта мойындалып, АҚШ, Ұлыбритания, Нидерланды және ТМД елдерінде кең тараған Николай Косовтың туғанына бір ғасырдың жүзі болды.



Николай Дмитриевич – Ұлы Отан соғысының ардагері. Молдова, Украинада болған шайқастарға қатысып, ерен ерлігімен Отан алдындағы борышын өтеп, ауыр жарақаттан соң елге оралған. Ол Қазақ мемлекеттік университетінде ғылыми мектебін құрып, радиациялық физикадағы бұрын-соңды жүргізілмеген зерттеулерді қолға алды. Оның диссертациялық жұмысы кеңес дәуірінде «құпияландырылған» еді. Соғыстан кейінгі жылдары физикалық кинетика саласының қарқынды дамуымен әрі өнеркәсіптік өндіріске енгізіліп жатқан инженерлік технологияларға жылуфизикалық сипаттамалардың тәжірибелік мәліметтері мен теориялық есептеу әдістемелері ауадай қажет болғандықтан, Н.Косов өзі жасап шығарған радиоактивті газдарды диффузиялық ажырату шамасын бағалау әдістемесін газдар мен сұйықтардағы термо-концентрациялық тасымал жағдайына бейімдей алды. Бұл жаңалық сол кездегі «Газдар мен сұйықтар диффузиясындағы молекулалық және гидродинамикалық тасымал» деген атпен жаңа ғылыми бағыттың ашылуына түрткі болды.

1959 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде Қазақстанда физик мамандарды даярлау міндеті жүктелген жаңа физика факультетінің негізі қаланды. Оның алғашқы деканы болған Н.Косовтың басшылығымен әрі әріптес-мүдделестерінің бірігіп күш салуымен оқу жоспарларын оңтайландыру, кафедраларда арнайы курстарды оқыту, бітіруші курс студенттерінің дипломдық жұмыстарын елдегі ғылым саласындағы жетекші ғылыми орталықтарда қорғау идеяларын табысты түрде жүзеге асырып, сол кездегі Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетімен, Орал политехникалық университетімен және Атомдық энергия институттарының мамандандырылған зертханаларымен ынтымақтастық келісімдер орнатылды.

Николай Косов газдардың диффузиясының кинетикалық теориясы саласында іргелі зерттеулермен айналысып, диффузия коэффициенттерін өлшеудің тәжірибелік әдістемелерін жасады. Қазақ мемлекеттік университетінің физик-түлектерінің арасында тұңғыш рет Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде докторлық диссертациясын жемісті қорғап шықты. Н.Косовтың ғылыми мәселелерді шешуге деген құлшынысы ерекше еді. Жалпыға ортақ көзқарастармен ойы әрқашанда бір жерден шыға бермейтін. Технологиялық процестерде өтетін жылу және масса тасымалы заңдылықтарын терең зерттеудің қажеттілігін үнемі алға тартатын, соңынан осы нәтижелер өнеркәсіптің түрлі саласындағы инженерлік қосымшаларда ғана қолданыс тауып қоймай, классикалық ғылымның облыстары түйіскен тұста жаңа білімге қол жеткізуге алғышарт болды.

Н.Косовтың беделі мен қазақстандық жылуфизиктердің тынбай еңбектенуінің арқасында Қазақ мемлекеттік университеті Қазақстан мен Орта Азиядағы газдар мен сұйықтардың жылуфизикалық қасиеттері бойынша стандартты және ұсынылған анықтамалық мәліметтерін жасау мәртебесі бұйырған жалғыз оқу орны атанды. Қазақ университетінде Косов қалыптастырған ғылыми мектеп өркендеп, қанатын кеңге жайып, лайықты беделге ие болғандықтан, 1984 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен ғылым мен техника саласындағы ерен еңбегі үшін профессор Н.Косовқа «Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Өзінің ғылыми жолының соңғы онжылдығында профессор Энскогтың жалпы теңдеуінен гидродинамика теңдеулерін шығару үшін санақ жүйелерінің инварианттылығын зерттеумен айналысты. Осы еңбегінің нәтижесінде диффузияның аралас масса тасымалына әсерін дұрыс бағалауға мүмкіндік беретін түрлі санақ жүйелеріндегі сақталу теңдеулері үшін іргелі қатынастарды шығарып алды.

Ғылымның жілігін шағып, майын ішкен әрбір ғалым ашылған жаңалықтың жұмыстың аяқталғанын білдірмейтінін жақсы түсінеді. Керісінше, бұл жаңа ашылулар мен жаңа білімнің бастамасы екенін ұғынған нар тұлғалы ғалымдардың бірі Николай Дмитриевич еді. Ол ғылымда өзінен соң өшпес із қалдырып, кеңестік жылуфизиканың белді майталманына айналды. Өсіп келе жатқан жаңа буынның тәрбиесіне, жастардың бойындағы отансүйгіштікті дамытуға, ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай қастерлеуге, ұлттық кадрларды мансап тұғырында ілгерілету жолында аянбай еңбек етті. Атқаратын жұмыстарының көптігінен уақыты тығыз бола тұра, облыстан келген жастарға дәріс оқып, көп жылдар бойы физикадан мектеп оқушыларының Республикалық олимпиадасының ұйымдастыру комитетінің құрамында қызмет атқарды. Студенттері мен аспиранттарының арасында беделі жоғары болған, ғылымның романтигі атанған Н.Косов өз идеяларымен бөлісіп, шәкірттерінің әрбір жетістігіне балаша қуана білетін.

Николай Косов I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, КСРО-ның ЖОО министрлігінің, Жоғары және орта арнаулы білім министрліктерінің ведомстволық белгілерімен марапатталған. Отыз жылдан аса өмірін аспиранттарына жетекшілік етуге жұмсаған ол 34 ғылым кандидатын, жеті ғылым докторын тәрбиеледі. Профессор газдар мен сұйықтардың жылуфизикалық қасиеттері бойынша қазақстандық ғылыми мектептің негізін қалады. Оның шәкірттері мен ізбасарлары АҚШ, Еуропа, Канада, Ресей, Украина мен Белоруссияның беделді университеттерінде, еліміздің мемлекеттік әрі ғылыми ұйымдарында ғалымның ізін қуып, салған сара жолын жалғастырып, қызмет етіп келеді.

## Салтанат БӨЛЕГЕНОВА, Шынар ОСПАНОВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы

Заң ғылымының докторы, профессор Гүлнара Усеинова ғалым, ұлағатты ұстаз және білікті басшы еді. Небары 56 жасында одан көз жазып қаламыз деп ойлаған жоқпыз.



## Жаңашылдыққа жақын жан еді...

Гүлнара Рахымжанқызының бүкіл өмір жолы еліміздің жетекші жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен байланысты. Кафедрада алғаш еңбек жолын оқытушылықтан бастап, профессорлық деңгейге дейін жеткенін ерекше атап өтуге болады. Профессор Г.Усеинованың басшылығымен көптеген заң ғылымының магистрлері мен PhD докторлары даярланып шықты.

2011 жылы жалпы университет құрылымдарын қайта құрудың нәтижесінде заң факультетінің негізгі екі кафедрасы – Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы және Конституциялық және әкімшілік құқық кафедраларын біріктіріп, кафедра меңгерушісі болып Гүлнара Рахымжанқызы тағайындалды. Осы жылдары кафедра әрқашан университеттің алғашқы қатарларынан орын алды.

9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні. Осы күн біздің кафедра үшін ерекше болып есептелетін. Бүгінгі таңда осы күн біз үшін профессор Г.Усеинованың есімімен байланысты болып қалды. Себебі Гүлнара Рахымжанқызы қоғамдық жұмыстарды белсенді жүргізді. 2017 жылдан 2021 жылға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бақылау» қоғамдық қабылдау жобасының үйлестірушісі, «Sanaly uraq» республикалық жобалық кеңсесінің үйлестірушісі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар F3I ғылыми кеңесшісі болды.

2019 жылы кафедра меңгерушісі Гүлнара Рахымжанқызының бастамасымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен және «Sanaly uraq» республикалық жобалау кеңсесімен бірлесіп, алғаш рет Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негіздері» пәні бойынша республикалық on-line олимпиадасы өтті. Олимпиада on-line болған соң, оған шетелдік жоғары оқу орындарының студенттеріне де қатысуға мүмкіндік туды. Олимпиада алғаш рет Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасында өткізілді. Содан бері республикалық on-line олимпиада жыл сайын желтоқсан айының 3-11 жұлдызы аралығында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне арналды. Гүлнара Рахымжанқызының заңгерлерді даярлаудағы сүбелі еңбегінің бірі осы on-line олимпиада деуге болады. Себебі заң саласындағы республикалық деңгейдегі алғашқы on-line олимпиада өткізу тікелей профессор Г.Усеинованың идеясы еді. Ғалым осы идеяны жүзеге асырып, бүгінгі таңда on-line олимпиада дәстүрлі түрде факультетте өз жалғасын тауып келеді. Осылайша ол білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісіне елеулі үлесін қосты.

Гүлнара Рахымжанқызы көркем мінезді, еңбекқор, ұстаз бен ғалымға тән ізденімпаз, ізгілік, адамгершілік, сыпайылық үлгісі болды. Көптеген шәкірттер тәрбиеленді. Білікті басшы болумен қатар, әрқайсымызға көмектесіп, қол ұшын созып, қайырымдылықты басты ұстанымының біріне айналдырды.

Бүгінгі таңда оның ортамыздан кеткені бәріміз үшін орны толмас өкініш, қайғы болып қалды. Дегенмен жазмыштан озмышы жоқ. Гүлнара Рахымжанқызының күлімдеген жарқын бейнесі әрқашан жадымызда сақталады.

Бүгінгі таңда оның ортамыздан кеткені бәріміз үшін орны толмас өкініш, қайғы болып қалды. Дегенмен жазмыштан озмышы жоқ. Гүлнара Рахымжанқызының күлімдеген жарқын бейнесі әрқашан жадымызда сақталады.

Бүгінгі таңда оның ортамыздан кеткені бәріміз үшін орны толмас өкініш, қайғы болып қалды. Дегенмен жазмыштан озмышы жоқ. Гүлнара Рахымжанқызының күлімдеген жарқын бейнесі әрқашан жадымызда сақталады.

Бүгінгі таңда оның ортамыздан кеткені бәріміз үшін орны толмас өкініш, қайғы болып қалды. Дегенмен жазмыштан озмышы жоқ. Гүлнара Рахымжанқызының күлімдеген жарқын бейнесі әрқашан жадымызда сақталады.

Динара ТҰРСЫНҚҰЛОВА,  
заң ғылымының кандидаты

# Архивы: новые возможности и горизонты

В современном обществе Архив воспринимается прежде, всего как важнейший компонент национального историко-культурного наследия. По мере развития общественных отношений в геометрической проекции растет потребность в информационных ресурсах. С их реальным значением в обществе и государстве связан архив, который хранит огромный пласт документов, всеобъемлюще представляющий собой ретроспективный информационный продукт. С архивом также связана общественная и индивидуальная память.

организаций и предприятий. Общий объем Национального архивного фонда составляет 25 млн единиц хранения. Стремительное развитие информационно-коммуникационных технологий требует все больше перевода документов в электронный формат, тем самым требуя адаптации традиционной архивной методологии к новым условиям и облегчая доступ исследователей к архивным документам. В стране в рамках программ «Цифровой Казахстан» и «Архив 2025» государственные архивы приступили к созданию единого электронного архива. Данный проект запущен в промышленную эксплуатацию осенью прошлого года и сегодня все государственные архивы участвуют в его реализации.

Нельзя не согласиться с тем, что в мире со все более и более усиливающимся технократическим мышлением многие представители общественной сферы заявляют с особой остротой об ответственности общества и государства перед прошлым как об одном из условий сохранения истории человечества, при чем истории достоверной, основанной на документальных источниках. Для обеспечения данной потребности на сегодняшний день одним из востребованным специалистом должен стать архивист, владеющий специальными знаниями архивоведения и документоведения, в то же время разбирающийся в новых IT-технологиях.

Подготовка профессионально квалифицированных кадров в области управления документами



и архивного дела на трех уровнях – бакалавриат, магистратура и докторантура – осуществляется в единственном уникальном центре страны Казахском национальном университете имени Аль-Фараби. С 2015 г. между Национальным университетом и Российским государственным гуманитарным университетом реализуется программа двойного диплома магистратуры.

Казахским национальным университетом имени Аль-Фараби совместно с Архивом Президента Республики Казахстан и Российским государственным гуманитарным университетом с 2017 года проводится Международная летняя школа молодых архивистов. В период с 2017 по 2022 годы в летней школе участвовало более 900 молодых специалистов из Азербайджана, Армении, Беларуси, Казахстана,

Китая, Кыргызстана, Монголии, России и Узбекистана. Лекторами выступили эксперты и архивисты-практики из Беларуси, Казахстана, Китая, Монголии, Польши, России, США, Финляндии и Южной Кореи.

В 2018 г. в рамках меморандума о дуальном образовании между Национальным университетом и Архивом Президента РК открыта учебно-производственная кафедра Архивного дела и документоведения. Работа кафедры направлена на организацию лабораторно-практических занятий, повышающих профессионализм студентов в области документоведения и архивоведения. Материально-техническая база, технологическое оснащение Архива Президента РК соответствует требованиям архивов мирового уровня. Взаимное партнерство и сотрудничество в

направлении дуального образования, направленное на создание новой модели современного образования, будет продолжаться и активизироваться в будущем.

Проект казахстанских архивистов по созданию площадки для обновления и обмена знаниями в профессиональной среде хранителей истории активно находит поддержку в архивах других стран, а самое важное со стороны Международного совета архивов.

19-21 октября 2022 г. в Алматы пройдет I конгресс архивистов Казахстана с международным участием, организованный Архивом Президентом Республики. Впервые в Казахстане международного масштаба форум «Открытому обществу – открытый архив» пройдет под эгидой Международного совета архивов. Конгресс станет беспрецедентной площадкой для экспертов в сфере архивного дела. Ожидается, что специалисты обсудят стратегические направления развития архивов, взаимодействие архивов Центральной Азии с Международным советом архивов, многоаспектные правовые и практические вопросы архивного дела в условиях цифровой трансформации и предложат оптимальные решения.

**Акмарал ЫСКАК,**  
доктор исторических наук,  
и.о. профессора кафедры  
Всемирной истории,  
историографии и  
источниковедения

## Трансформация знаний

Современный мир переживает многомерный глобальный финансовый и экологический кризис. Появилась острая необходимость пересмотра существующих подходов к пониманию принципов взаимоотношений общества и природы. В 2015 году Генеральной ассамблеей ООН были приняты 17 целей устойчивого развития, который и стали началом трансформационной эволюции человечества. Сейчас в программе участвует более 17 стран, в том числе и Казахстан. Казахстан и ЮНЕСКО плодотворно сотрудничают на протяжении многих лет, благодаря подписанному меморандуму в августе 1995 года. Основные направления сотрудничества – образование, наука и техника, социальные и гуманитарные науки, культура, сфера коммуникаций. При этом в области образования стороны пришли к пониманию необходимости вовлечения нашей страны в уже работающие конкретные проекты и программы ЮНЕСКО.

В начале ноября 2022 при поддержке национальной комиссии Франции по делам ЮНЕСКО в штаб-квартире ЮНЕСКО (г. Париж) состоялась юбилейная международная конференция ЮНЕСКО, посвященная 30-летию Программы УНИТВИН/Кафедры ЮНЕСКО, по теме «Трансформация знаний для справедливого и устойчивого будущего». География международной конференции была очень обширной, участниками конференции являлись представители из 117-ти стран мира, представляющие центры и

кафедры ЮНЕСКО, советники постоянных представительств при ЮНЕСКО.

Казахский национальный университет им. Аль-Фараби был представлен заведующей кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию Т.А.Базарбаевой и доцентом данной кафедры А.К.Кожакан. Темой двухдневного мероприятия стало «Трансформация знаний для справедливого и устойчивого будущего», основанной на духе научной, моральной, интеллектуальной и академической солидарности.



Обсуждались достижения программы УНИТВИН как сети кафедр ЮНЕСКО. Кафедры доказали свою полезность в создании новых инициатив в области преподавания, генерировании инноваций посредством исследований и внесении

вклада в обогащение существующих университетских программ, способствуя при этом культурному разнообразию.

Кафедры ЮНЕСКО и участники сети УНИТВИН – центры передового опыта и инноваций на

региональном или субрегиональном уровнях.

В рамках пленарного заседания, параллельных сессий, семинарах и встречах обсуждались возможности сотрудничества по объединению усилий кафедр в реализации задач трансформации систем образования для качественного изменения всего человеческого сознания с целью недопущения глобальной экологической катастрофы, преодоления расовых предрассудков, дискриминации, нищеты и других бедствий, в рамках реализации целей устойчивого развития.

Во время конференции транслировался минутный ролик о нашем университете, работе кафедры и поощрении к участию в конференции. Ролик был подготовлен кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию КазНУ имени Аль-Фараби.

В ходе конференции участники от КазНУ приняли активное участие в обсуждении вопросов подготовки новых образовательных программ по формированию навыков XXI века, а также о возможностях сотрудничества в области академической мобильности для повышения уровня компетенций в сфере охраны окружающей среды.

**Гулжанат МУКАНОВА,**  
кандидат биологических наук,  
ст. преп. кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию

# Ғылымға бастар алғашқы қадам

Оқу практикасы – оқу бағдарламасы құрылымының ажырамас бір бөлігі. Ол таныстыру, танымдық-зерттеу және тәжірибелік сипаттағы іс-шараларынан құралады. Практиканың мақсаты – студент бойында оның болашақ ғылыми зерттеу бағытын дербес анықтауына мүмкіндік беретін алғышарттар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру.



Осы мақсатқа сай, практиканың міндеттеріне мыналар жатады: 1) факультет кафедраларының және ғылыми-зерттеу орталықтарының ғылыми бағытымен таныстыру; 2) заманауи құралдар мен әдістерді қолдана отырып, ғылыми ақпараттарды іздеу дағдысын қалыптастыру; 3) ғылыми және өндірістік зертханалардағы негізгі еңбекті қорғау ережелерін, қауіпсіздік ережелерін меңгеру; 4) патенттер және бастапқы ақпарат көзімен жұмыс істей білу және іздеу дағдыларын қалыптастыру.

Оқу практикасының бағдарламасына сәйкес, «БВ07104 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығындағы 1-курстың 101, 102 топ студенттері практиканың алғашқы үш күнінде қауіпсіздік ережелерімен және кафедрада жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарымен: қатты жанғыш отындарды катализдік өңдеу әдістері, сұйық фазада көмірсутектердің тотығуы, көмірсутектерді алкилдеу үдерісімен, органикалық заттарды карбоксилдеу, суспензияландырылған катализаторлар қатысында коксохимиялық шайырды өңдеу жұмыстары және Физикалық химия, катализ және мұнай химия кафедрасының даму тарихы, оқу зертханалары және зертханалардағы құрал-жабдықтармен танысты. Жаңа химиялық технологиялар және материалдар ғылыми-зерттеу институты мен Физика-химиялық әдістермен зерттеудің орталығы зертханаларында экскурсияда болды.

Оқу практикасының екінші аптасында студенттер Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми кітапханасына, Ұлттық кітапханаға, ҚазҰУ музейіне және Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығына экскурсия жасады. Студенттер кітапхананың тарихы, оқу залдары, кітап қоры және кітапханамен тығыз қарым-қатынастағы мәдени орталықтар жайында мағлұматтар алды. Сонымен бірге Soft Books, Qazaq University, Begell, Aknur press, Эпиграф, E.lanbook, Digital Library, Wiley, IEEE Xplore, Polpred.com, Springer, Scopus сайттарымен танысып, осы сайттарға тіркелді. Алғашқы ғылыми дерек көздерін қалай жинау, ғылыми әдебиеттермен қалай жұмыс істеу керектігі жайында іс-тәжірибе алды.

Жәния ЕШОВА,  
Физикалық химия, катализ және мұнай химия кафедрасының доценті



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

«QAZAQ  
UNIVERSITETI»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- «Qazaq universiteti» газеті – 75 жылға жуық тарихы бар іргелі басылым.
- Газет 2022 жылдың қаңтар айынан республика көлемінде таратылады.
- Басылымда елдегі және университеттегі айтулы жаңалықтар қамтылады.
- «Qazaq universiteti» газетіне жазылып, өз мақалаңызды ұсынуға сіздің де мүмкіндігіңіз бар.
- Егер сіз әлеуметтік осал топтағы студенттерге «Qazaq universiteti» газетін жаздырып, рухани қолдау білдіргіңіз келсе, Halyk bank QR қосымшасы арқылы төлем жасай аласыз.
- Ол үшін Halyk bank қосымшасы арқылы QR-кодты суретке түсіріп, белгілеу (назначение) бөлімінен «Qazaq universiteti» газетіне жазылу» деген бөлікті толтыру керек.
- Ал республика көлеміндегі оқырмандар үшін «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелері қызмет көрсетеді.



«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1853,22 теңге	1743,57 теңге
12 айға	3706,44 теңге	3487,14 теңге

Ғылым және жоғары білім саласындағы жаңалықтармен танысқыңыз келсе,

«QAZAQ UNIVERSITETI»

газетіне жазылуды ұмытпаңыз!

Тарату бөлімінің байланыс телефоны: 377-32-86, ішкі: 1486 +7 747 325 6874

# Заманауи қаржы құралдары туралы айтылды

ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі Қаржы және есеп кафедрасының оқытушылары бастамасымен және «Қаржы» мамандығының 2-курс студенттерінің қолдауымен Ұлттық теңге күніне арналған көшбасшылық дәріс және концерттік іс-шара ұйымдастырылды.

Көшбасшылық дәріске Қаржы және есеп кафедрасының түлегі, қазір CenterCredit банкінің маркетинг бағытының сарапшысы Нұрлан Абдықадыров келді. Дәріс жан-жақты ақпаратқа толы, мазмұнды өтті. Сарапшы маманның әңгімесі студенттер үшін өте пайдалы болды. Н.Абдықадыров банк саласының дамуы, тұтынушыларға қажетті заманауи қаржы құралдары туралы кеңінен айтып берді. Білікті маман ретінде өзінің ақыл-кеңесімен бөлісті. Көшбасшылық дәріс сұрақ-жауап арқылы өте қызықты өтті. Шын мәнінде көшбасшылық дәріс студенттерге өз мамандығының қыр-сырын танып-білуге



ықпал етті әрі жақсы оқуларына мотивация берді.

«10ge day» атты концерттік іс-шара жоғары деңгейде өтті. Оған

2-курс студенттері бар өнерін салып дайындалды. Креатив жастардың қойылымы көпшілік көңілінен шықты. Концерттік іс-шараға 1-курс студенттерін арнайы шақырдық. Олар түрлі ойынға қатысып, басқа курс студенттерімен кеңірек танысты. Мұндай игі іс-шара студенттердің бір-бірімен еркін араласуына мүмкіндік береді.

Г.СОПЫҒАЛИЕВА,  
Ж.МҰХАМЕТЖАНОВА,

Экономика және бизнес жоғары мектебінің оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.